салауатты өмір салты идеяларын жүзеге асыруымен сипатталады. Жастар саясатын жүзеге асыру жөніндегі жапондық басқарманың мәліметтерін Премьер-министр басқарады. Үкімет құрылымында білім, мәдениет, спорт, ғылым және технологиялар министрлігі жас ұрпақтың жарқын болашағын тиімді іске асыруға жауапты. Сонымен бірге осы тұста, Ұлттық Ассамблеяның негізгі міндеттері: Жастарды дамыту бойынша жиындар өткізуге жәрдемдесу, өңірлік деңгейде іс-шаралар өткізуге қолдау көрсету және елдегі жастар ұйымдарының дамуына қолдау көрсету болып табылады.

Жапонияда жастардың жас аралығы 15-29 жас. Жапониядағы жастар соңғы жылғы мәліметтер бойынша, 20 миллионнан асқан, бұл дегеніміз жапон халқының жалпы санының 15%-ға жуығын құрайды. Жапонияда белгілі бір уақыт жас ұрпақты тәрбиелеу жағдайларын жақсарту және балалар мен ата-аналардың бірлескен қызметін қолдау мақсатында түрлі бағдарламалар іске асырылып, балаларды патриоттыққа тәрбиелеуге қатысты ұлттық нақандар жүзеге асырылып отырады. Негізінен, Жапонияда жастардың әлеуметтік жағдайын жақсарту саясатына ерекше назар аударылған. Жастардың БАҚ пен ғаламтор желілеріндегі керексіз материалдарға қол жетімділігін шектеу мақсатында түрлі жұмыстар жүргізіліп отырады. Сонымен бірге, Жапонияда кең тараған балалар мен жасөспірімдердің жезөкшелігіне тыйым салуды және балалар порнографиясын таратуды қатаң бақылауды жүзеге асыру бойынша шаралар жүзеге асырылуда. Оқушылар мен көлік жүргізушілерін жастардың қатысуымен болатын жол - көлік оқиғаларының санын азайту және қоршаған ортаға келтірілетін қатер деңгейін төмендету мақсатында қауіпсіз қозғалыс ережелерін оқыту кеңінен қолға алуда [1].

Сонымен бірге, Күншығыс елінде жастардың дамуына жәрдемдесу, жастар арасындағы қылмыстың алдын алу және жастар мен балалардың денсаулығын қолдау мақсатында «Жастар орталықтары» ұйымдастырылған. 2013 жылы бүкіл ел бойынша осындай 703 орталық жұмыс істеді, оның 45-і бас консультациялық орталық мәртебесіне ие. Соңғы есептеулер бойынша, бұл орталықтардың жұмыс жасауы бойынша өткізілетін консультациялардың жалпы саны 220 мыңға жуық болған. Консультациялық кеңес берулер мектептер мен өзге де қоғамдық орындарда, міндетті түрде жастар және ата-аналардың қатар қатысуымен өтеді. Оған қоса, құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қоғамдық патрульдер негізінен кешкі уақыт және оқушылар мектептен оралған кезде көшелер бақылауға алынады. Көшелердегі бақылау жұмыстары полициямен бірлесіп жүргізіледі. Сонымен бірге Жапония дамыған елдердің озық тәжірибесін қарастырып, олардың жастар саясаты саласындағы заңнамаларын талдап, олардың белгілері мен жастар формаларын анықтап, тиімді тұстарынан әдіс алмасу өткізіп отырады [2]. Барлығымызға белгілі әр елде жастардың жас ерекшелігі шамамен жобалас болып келеді, соған байланысты жастар заңнамасын реттеу әр түрлі жүзеге асып отырады, сол себепті де жастар саясатының әсері мен қаржыландыруы әр түрлі. Сонымен бірге, Қазақстан әлі де дамушы ел болуына байланысты, Жапониядағыдай саяси реттеу мен жастарға жағдай жасау сияқты жастар саясатының нақты формасы елімізде әлі күнге дейін жоқ.

2019 жыл «Жастар жыл» болуына байланысты еліміздің жас ұрпақты қолдауға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізілді. Басты оқиғалардың бірі президенттік кадр резервін қалыптастыру болды. Бүгінгі таңда Қазақстанның қазіргі жастары еліміздің қоғамдық және саяси өміріне белсенді қатысуда, қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекет өмірінде маңызды рөл атқарады. Қазіргі жастар еліміздегі негізгі стратегиялық ресурс, алдағы реформалардың локомотиві болып табылады. Қазіргі уақытта жаңа бағдарлама мен құнды ұстанымдары, жоғары мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған экономикалық жобалары бар басқа да инновациялық жастар қалыптасуда. Осылайша тиімді саясаттың арқасында, 2019 жылы 2 млн. адам жастар саясатының шараларымен қамтылған болатын. Сонымен бірге, жастарды қаржыландырудың өсімі 40 есеге өскен және де жастарды қолдау бойынша арнайы мемлекеттік бағдарлама әзірленген болатын. 2019 жылғы III тоқсанда жастар жұмыссыздығының деңгейі 4% немесе 85 мыңға жуық адамды құраған болатын. Осы орайда,

елдегі жастар саясатының тиімді болуы үшін белгілі бір шарттарды сақтау қажет. Жастар азаматтық қоғамның ең белсенді құрамдас бөлігі болып табылатындықтан қазақстандық жастар еліміздің лайықты басты стратегиялық ресурсы ретінде қарастырылуы қажет. Еліміздегі жүргізіліп жатқан мемлекеттік жастар саясаты жастардың еркін құқығын іске асыруы үшін жағдай жасауға жұмыстар жасауда. Қазақстандағы жастар саясатына келер болсақ, еліміздегі жастар саясатының негізгі бағыттары жастардың азаматтығын қалыптастыру және дамыту болып табылады. Қазіргі таңда қазақстандық жастар саясаты әлемдік саясат бағытында жүргізілуде. Еліміздегі жастар саясатын жүргізу кезінде, біздің ойымызша, басқа елдерде әзірленген модельдерді үлгі ретінде қарастыруға болады, дегенмен өңірлік ерекшеліктерін, менталитетін, тарихи аспектілерін, қазақстандық жастардың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін, оның Қазақстандағы әлеуметтену ерекшеліктерін ескеру қажет [3].

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына өзгерістер енгізіліп, 2023 жылдан бастап жастар санаты 14 жастан бастап 35 жасқа дейін ұлғайды. Сонымен қатар, 2029 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясаты туралы тұжырымдама қабылданған болатын. Бұл тұжырымдамада жастарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлікке баулу, заманауи құндылықтар мен патриоттық тәрбие, салауатты өмір салты, NEET санатындағы жастар үлесін төмендету, сондай-ақ ауыл жастарын қолдау мәселелері қарастырылған. Бүгінгі таңда Қазақстанда жалпы жастар саны 6 миллионға жуық адамды құрайды, бұл халқымыздың 30% - ға жуығы. Қай елде болмасын, жастар әртүрлі проблемаларға тап болып отыратындығы қалыпты құбылыс. Ол мәселелерді шешудің инновациялық жолдарын табу және шешімдер шығару мемлекеттің басты міндеті.

Қазақстанда жастар саясаты әлеуметтік саясаттың бір бөлігі ретінде қарастырылатындықтан жастар арасында тәуелді көңіл-күй дамымауы керек. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Адамның өз еңбегі ғана әл-ауқат көзі болады, ал мемлекет бұл үшін тиісті жағдай жасауы тиіс» деген пікірін еске түсіру орынды деп есептейміз. Бұл бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастыру туралы ойды білдіреді. Елімізде жастар саясатын жүзеге асырудағы социал-демократиялық және либералды тәсілдердің симбиозы туралы айтуға болады. Мұндай симбиоз Қазақстандағы жастарға қатысты стратегиялардан туындайды. Олардың ішіндегі ең маңыздылары-жастар әлемді өзгертеді деген пікірде; жастар-елдің стратегиялық жоспарларын жүзеге асыруда мемлекеттің серіктесі және қоғамдық күш; сонымен бірге, жастар – қоғамның ең осал және қорғансыз бөлігі. Жоғарыда айтып өткендей, дағдарыс жағдайында жастар саясатын жүргізудегі ең бастысы -жастарды қорғау және нарықтық жағдайларға бейімделуге көмектесу. Қазір жастарды қорғамай, қоғам тоқырау жағдайына түскен маргиналды жастарды иемденіп, адами капиталын жоғалтуы мүмкін. Жас ұрпақты болашақтың кепілі ретінде қарастыру өте дұрыс, себебі әлсіз, білімсіз, патриоттық сезімі төмен жастар – бұл мемлекеттің әлсіреуіне апаратын жол болатыны айдан анық, және бұл қоғам дағдарысына апаратын жол. Қазіргі таңда, жастар саясатындағы негізгі проблеманың бірі бұл жұмыссыздық. Еліміздегі "жастар арасындағы жұмыссыздық 3,8% құрайды. Бұл ресми статистика. Бірақ барлығымызға белгілі, елімізде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, ресми тіркелмегендер саны өте көп. Яғни осы себепті көпшілік жастар жұмыс басты деп тіркелмеген және міндетті зейнетақы жарналары мен басқа да аударымдар жоқ" [4].

Еліміздегі жастар саясатын дамытудың басымдықтарының бірі- білім беру саласы. Қазақстан – 2050 Стратегиясының міндеттерінің ішінде "білім мен кәсіби дағдылар – қазіргі заманғы білім беру, кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары" деп аталатыны белгілі. Күшті заманауи білімді қалыптастырмай, біз әлемдік кеңістікте бәсекеге түсе алмайтынымыз анық. Қазіргі әлемдегі әрбір ел әлемдік даму тәжірибесін белсенді түрде қарастырады және зерттейді және ең жақсы үлгілерге бағдарланады. Сондықтан, бір жағынан, отандық тәжірибеге үздік шешімдерді енгізу үшін әлемнің жетекші елдерінің тәжірибесін белсенді зерделеу, екінші жағынан, жоғары сапаны ұсына отырып,

отандық дәстүрлерді, қызметтерді әлемдік деңгейге көтеру қажет. Жоғарыда айтылғандай жаңғырудың негізгі күші және Жаңа Қазақстанның жаңару көзі ретінде жастардың рөлі өте ерекше, ал осы жастардың білікті маман болып, елімізді дамыған 30 елдің қатарына қосу үшін жастардың білімді болуы шарт. Өйткені, Қазақ елінің атын үшінші мыңжылдық тарихына жазатын, аға толқынның ғылым мен мәдениеттегі өрелі жолын лайықты жалғастыратын да осы бүгінгі толқын —білімді жастар болмақ. Мемлекеттің құрылуының алғашқы жылдары экономикалық жағынан да, кадр тапшылығы жағынан да қиын болды. Сол жылдары еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тікелей шетел инвестициясын тарту мақсатында сауда өкілдіктерімен әлемнің жетекші елдеріне жиі баратын. Мемлекеттік басқару саласында халықаралық құқықты білетін мықты мамандардың тапшылығы өткір болды. Бізге жаңа форматтағы, халықаралық қауымдастықпен сапалы нарықтық қатынас құруға қабілетті адамдар қажет болды. Ал адами капиталдың сапасын арттырудың бірден-бір жолы – білім саласы озық елдерде оқып, тәжірибесімен танысу, талдау жасап, тағылымын алу болды. Сол себепті 1993 жылы 5 қарашада Елбасының жарлығымен биыл 29 жыл толатын «Болашақ» халықаралық стипендиясы құрылды. Білім – мемлекеттің болашаққа инвестиция салуының басты мүмкіндіктерінің бірі. Бағдарламаның «Болашақ» деп аталуыда бекер емес, бүгінгі студенттер ертеңгі күні көшбасшы болып, халықты алға жетелейді деген үмітпен осындай атау алды. Ол Қазақстанның дарынды жастарына әлемнің жетекші университеттерінде сұранысқа ие мамандықтар бойынша білім алуға кең мүмкіндіктер ашты, ол әлемнің үздік жоғары оқу орындарында сапалы білім алуда талантты жастарды қолдау жөніндегі ең алғашқы жоба болып табылады. "Болашақпен" білім алып шыққандардың айтуынша, тағы бір айта кетерлік кемшілігі бағдарламада түлектердің мамандықтар мен қызметтер сәйкестігінің әлдебір тізімі қарастырылмаған. "Болашақ" бағдарламасын бітіріп келгендердің барлығы бірдей жұмысқа орналасады деген кепілдік жоқ. Яғни қазіргі таңда жұмыс табу мәселесінде өзекті болып тұр [5].

Осы тұста *Жапониядағы жастар саясаты мен білім беру жүйесін қарастырсақ*, соңғы жылдары Жапония студенттердің халықаралық ұтқырлығы саласындағы танымал көшбасшылардың біріне айналды. Бүгінгі таңда бұл елде 4 миллионға жуық адам жоғары білім алады және олардың арасында шетелден шамамен 130,000 адам бар, бұл әлемдегі барлық шетелдік студенттердің 5%-ын құрайды. Ерте кезде жоғары білім Жапониядағы ең әлсіз секторлардың бірі ретінде танылған болатын. Тіпті 20 ғасырдың аяғына қарай Жапония жоғары білікті және білімді жұмыс күшіне және жақсы дамыған бастауыш және орта білімге байланысты әлемдегі ең гүлденген ел болып саналса да, жоғары білім, әсіресе 20 ғасырдың соңғы жылдары жақсы халықаралық беделге ие болмады. Сонымен бірге, Жапонияның жоғары білім берудегі зерттеу функциясы да қатты сынға ұшыраған еді. 1995 жылы Жапония Үкіметі Ғылым және технология туралы Негізгі Заң қабылдап, оған 2020 жылы Ғылым, технология және инновация туралы Заңға түзетулер енгізілді. Дегенмен, қазіргі таңда Жапония- Еуропа елдерінен өзінің өмір салтымен, дәстүрлерімен және мәдениетімен ерекшеленетін бірегей ел болып отыр. Бұл айырмашылық білім беру тәсілінде де көрінеді. Жапон балалары оқу жолын 3 жасында, балабақшада бастайды, онда олар бірінші кезекте қоғамға, өз ортасына құрметпен қарауды үйренеді. Жапондықтардың өздері сәттіліктің кілті жақсы тәрбие мен білім екеніне сенімді, сондықтан оларға айтарлықтай назар аударылады. Баршамызға белгілі, Жапония- ең ғылыми және технологиялық дамыған елдердің бірі. Жапонияда, «болашаққа барғыңыз келсе -Токиоға келіңіз»-деген сөз бар. Бұл Жапонияның қаншалықты жоғары дамығандығына дәлел. Жапон ғалымдары робототехника, автомобиль өнеркәсібі және электрониканың дамуына үлкен үлес қосты. Үкімет пен жеке компаниялар ғылым мен білім беруді дамытуға инвестиция салуға аянбайды. Жапониядағы барлық университеттер мен колледждер заманауи зертханалармен жабдықталған және штатта жоғары кәсіби оқытушылары бар, соның арқасында оқыту терең теориялық білім мен практикалық дағдыларды қамтамасыз етеді [6]. Осылайша, беделді жоғары оқу орындарына түсу жақсы аты бар компанияда одан әрі жұмысқа орналасуға кепілдік береді, бұл

жапондықтар үшін көп нәрсені білдіреді – олар өмір бойы бір жерде жұмыс істеуге дағдыланған. Жапония бүкіл әлем бойынша жұмыссыздық деңгейі ең төмен елдердің қатарына кіреді – Жапонияда небәрі 3%-ға жуық адам ғана жұмыссыз. Негізінен осы екі елдегі жастар саясатында бір міндет бар – ол жас ұрпақты әлеуметтендіру. Бұл міндеттер көптеген ондаған жылдар бойы ақылға қонымды жастар саясатының сабақтастығы мен дәйекті болған кезінде ғана айтарлықтай нәтиже бере алады [7].

Қорытындылар: қорытындылай келе, жоғарыда келтірілген барлық деректер қазіргі қазақстандық жастар саясатының тиімділігінің жеткіліксіздігін көрсететіндігін айтқым келеді. Ресми түрде мемлекеттік құрылымдар білім беруді де, жұмысқа орналасуды да, бизнесті де қадағалайды, бірақ фактілер мемлекеттің қатысуы тұрғысынан жастар саласында жеткіліксіз жұмыс туралы айтады. Қазіргі жағдайда шешуші фактордың нақты не екенін айту қиын: бюджет қаражатын тиімсіз жұмсау, олардың жетіспеушілігі немесе саяси бәсекелестіктің болмауы. Дегенмен, бүгінгі таңда Жапониялық жастар саясаты жүйеліліктің, сабақтастықтың және интеллектуалды еңбекқорлықтың үлгісі болып табылады, ал қазақстандық жастар саясаты әлі де өзінің өзгеруінде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе қоймаса да, жоғарғы деңгейге ұмтылушылық байқалады. Жастар негізінен дамыған елдерде өздерін әлдеқайда қорғалған және еркін сезінеді. Сонымен бірге дамыған елдегі жастар өздерінің таланттары мен дағдылары сұранысқа ие екеніне сенімді, ал дамушы елдердегі жастар аз дәрежеде көрінетін мемлекет тарапынан қолдау мен көмекті сезінеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Преимущества высшего образования в Японии. Available at: <https://uni.academconsult.ru/poleznoe/vysshee-v-yaonii/>
2. Белоусова Е.В. Оценка конкурентоспособности высшего учебного заведения на региональном рынке образовательных услуг. Дисс. ... канд. экон. наук. Владивосток, 2005, 203 с.
3. Послание Н. А. Назарбаева «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 года.
4. Концепция государственной молодежной политики Республики Казахстан до 2020 года «Казахстан 2020: путь в будущее». Доступно на: <https://rii.kz/wp-content/uploads/2016/08/%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%86%D0%B5%D0%BF%D1%86%D0%B8%D1%8F-%D0%93%D0%9C%D0%9F.pdf?ysclid=loy3nl6u9u348735123>
5. Закон Республики Казахстан от 9 февраля 2015 года № 285-V ЗРК «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан». Доступно на: <https://kkn.kz/wp-content/uploads/2023/01/zkr-o-molodezh-politiki-.26-12-2022.rus.pdf>.
6. Akiyoshi Yonezawa. Japan's Higher Education Policies under Global Challenges. *Asian Economic Policy Review*, 2023, no. 18, P. 220-237.
7. Гузеев В.В. Образовательная технология: от приема до философии. – М.: Изд. фирма "Сентябрь", 1996, 256 с.

Аннотация

Перспективы развития всех государств определяются молодежной политикой. Молодое поколение является движущей силой, ценным стратегическим ресурсом государства, нации. В Республике Казахстан молодежная политика является одной из важнейших задач государства и призвана создать все необходимые условия для духовного, культурного, образовательного, профессионального развития молодежи со стороны нашей страны. Важнейшее направление в реализации молодежной политики – совершенствование сферы образования, повышение качества образования и подготовка специалистов, обеспечивающих перспективы инновационного развития страны. Эта тенденция является важной проблемой, требующей постоянного совершенствования, и она входит в число наиболее актуальных вопросов анализа рациональных сторон молодежной политики развитых государств в сфере образования и внедрения передового опыта. При этом в

предлагаемой статье будет проведен сравнительный анализ молодежной политики Республики Казахстан в сфере образования, политики государства Япония в данном направлении.

Abstract

The development prospects of all states are determined by youth policy. The younger generation is the driving force, a valuable strategic resource of the state, the nation. In the Republic of Kazakhstan, youth policy is one of the most important tasks of the state and is designed to create all the necessary conditions for the spiritual, cultural, educational, professional development of young people from our country. The most important direction in the implementation of youth policy is the improvement of the field of education, improving the quality of education and training specialists who ensure the prospects for innovative development of the country. This trend is an important problem that requires constant improvement, and it is among the most pressing issues of analyzing the rational aspects of the youth policy of developed countries in the field of education and the introduction of best practices. At the same time, the proposed article will provide a comparative analysis of the youth policy of the Republic of Kazakhstan in the field of education, the policy of the state of Japan in this direction.

ӘОЖ 811.512.1

Г.Ж. Утегенова*, Ә. Қожан, М. Әжіхан

ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

студент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

студент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

*Корресподент авторы: gulzi_2615@mail.ru

ҚИМЫЛДЫҢ ДАМУ, ЖАСАЛУ, ҮСТІНДЕ ЕКЕНІН БІЛДІРЕТІН АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАР

Түйін

Сөздің аналитикалық формасы туралы ілім- тіл білімінің жаңа саласы. Ол бүкіл әлем бойынша тілдердің морфологиялық топтастырылуына байланысты пайда болды және тілдердің морфологиялық топтастырылуының басталуы бір жарым ғасырдан астам уақыт бойы өлшенді. Тілдерді морфологиялық тұрғыдан топтастыру нәтижесінде аналитикалық тілдер танылды. Құрылысы жағынан аналитикалық тілдердің таныла бастауы зерттеушілерді морфологияның аналитикалық ерекшеліктерін зерттеуге әкелді. Осымен байланысты тіл білімінде сөздің аналитикалық формасы туралы теория пайда болды. Индоевропа тілдері аналитикалық тілдер деп танылғандықтан, сөздің аналитикалық формасы да алдымен осы тілдері зерттелді, осының нәтижесінде бұл тілдерді сөздің аналитикалық формасы туралы теорияның негізі салынды. Бірақ бұл тілдерде де сөздің аналитикалық формасы туралы теория әбден қалыптасты деп айтуға болмайды. Оларда да жетілмеген, даулы мәселелер әлі жеткілікті. Соңғы кезге дейін тіл білімінде сөздің аналитикалық формасы тек аналитикалық тілдермен, яғни индоевропа тілдерімен ғана байланысты деп саналады.

Кілттік сөздер: Тіл білімі, түркітану, лексика, семантика, етістік.

Кіріспе

Сөздің аналитикалық формасы туралы ілім- тіл білімінің жаңа саласы. Ол дүние жүзіндегі тілдерді морфологиялық тұрғыдан топтастырумен байланысты пайда болды, ал тілдерді морфологиялық тұрғыдан топтастырудың басталуы бір жарым ғасырдан астам ғана мезгілмен өлшенеді. Тілдерді морфологиялық тұрғыдан топтастыру нәтижесінде аналитикалық тілдер танылды. Құрылысы жағынан аналитикалық тілдердің таныла бастауы зерттеушілерді морфологияның аналитикалық ерекшеліктерін зерттеуге әкелді.

-п келе жат күрделенген аналитикалық форманты қимылдық даму, жасалу үстінде екенін білдіреді. Бұл аналитикалық формант көбіне салт етістіктермен қолданылады [1]. Мысалы, азайып келе жатыр, азып келе жатыр, ажарланып келе жатыр, ағарып келе жатыр, қойлап келе жатыр т.б.

-п келе жат аналитикалық форманты көбіне бір сападан екінші сапаға ауысуды білдіретін етістіктерге жалғанады [2].

Бұл формадағы етістікке ұқсас күрделі етістіктер бар. Мысалы, қайтып келе жатыр, барып келе жатыр, көшіп келе жатыр т.б. Бұл мысалдарда лексикалық мағынаны қайтып кел, барып кел, көшіп кел күрделі етістіктері білдіреді, оларда – а жатыр аналитикалық форманты тіркескен. Оны байқау үшін -е жатыр аналитикалық формантының орнына басқа аналитикалық формант қолдануға болады: қайтып келе бер, қайтып келе сал, қайтып келе алмайды т.б.

Кейде сөз тіркесінің де ұқсас болуы кездеседі. Мысалы, ол асығып келе жатыр. Бұл мысалда асығу, келу етістіктерінің лексикалық мағынасы бар. Сөйлемде асығып пысықтауыш болады, ал келу қимылын пасықтап тұр, ал –е жатыр -аналитикалық формант.

-п бара жат күрделі аналитикалық форманты -п келе жат формантымен синоним. Бұл формант та қимылдың дамуы, процесс үстінде екенін білдіреді [3].

Қимылдың дамуын білдіретін бұл формант та көбіне салт етістіктерге тіркеседі: азайып бара жатыр, азып бара жатыр, ажарланып бара жатыр, ағарып бара жатыр, асқынып бар жатыр, жүдетіп бара жатыр, жалықтырып бар жатыр т.б.

Бұл аналитикалық формант та бір санадан екінші сапаға көшуді білдіретін етістіктерге тіркеседі. –п бара жат, -п келе жат форманттары бар, кел етістіктеріне және екінші компоненті бар, кел етістіктерінен жасалған күрделі етістіктеріне тіркесе, қимылдың дамуын білдіреді: бара жатыр, қайтып келе жатыр, біліп келе жатыр, көріп келе жатыр т.б. [4].

Екінші компоненті бар етістігінен жасалған күрделі етістіктерге -е жат аналитикалық форманты тіркескенде, олар -п бара жат күрделі аналитикалық формантымен тұлғалас, ұқсас болады. Бірақ онда бар етістігі өзінің кеңістікте қозғалу мағынасын сақтайды. Мысалы, қайтып бар, айтып бар т.б. күрделі етістіктерге - а жат форманты қолданғанда, оның түбірі - күрделі етістік, аналитикалық форманты дара болады: қайтып бара - жатыр.

-а жат аналитикалық формант -п келе жатыр, -п бара жатыр аналитикалық формантымен синонимдес [5]. Бұл аналитикалық форманттарға төмендегідей мысалдар жиналды.

Бұл топқа қарай ауылдың үлкендері де жан- жақтан дабырлап сөйлеп, ағылып келіп жатыр. Осы араға Қодар мен Қашқаны алып келе жатты. Жолшыбай “келінімен тілдеермін” деп, Қамысбай Қодарды алдына салып, өзі әдейі оң бойы жер артта, іркіле жүріп келе жатыр. Көзінің оты жарқ етті де, сөніп бара жатты. Ол оң бойы ұзап кетіп бара жатып, өз-өзіне ерік беріп, өксіп -өксіп жылап келе жатыр. Екі құлағын бітіргендей боп, дыңылдап соққан екпін желі абайдың көзінен аққан жастарды, қат-қат тамшыдай, жаңағы көде мен бөтегеге ұшырап түсіріп келеді. –Ойбай, бауре-ем,- деп ат қойып келе жатыр. Бәрі де аз уақытта жылқының ішіне кеп кіріп, енді бастары қосылып, Сүйіндіктерге таман жылжып келеді. Енді асыға жүріп келеді. Бос табақтар бөлме- бөлмеден сумаң-сумаң шығып, тағы да асүйге қарай тайпия қалқып келе жатыр. – Шыңғыстың бөктері тегіс көктепті ау!-деп, айналаға көз жіберіп келе жатты. Қылаңы көп, шұбартқан жылқы жиі-жиі пысқыры түсіп, жіті басып келеді. Соған тіркес он түйелі, тағы он бес түйені, сегіз-тоғыз түйелі салқар-салқар көштер бірі артынан бірі шығып, шұбарыта, шұбарылып келеді. Ақырын аяндап келе жатыр. Бағанадан қалың топтар Құнанбай шоғырына қарап келе жатыр еді. –Құт берекем! -деп, Абай қасындағы кекселеу кісілер шырқап жылап, үн салып келеді. Құнанбай енді бастырып омыраулап, “Бар Жігітек қолын қашырамын” деп, екпіндеп келе жатыр. Бірен-саран, Ырсай Сияқты босаң қарттар жыбайын деп еді, Құнанбай зекіп: -Көрсетпе, түге, көз жасыңды!- деді. Едігі қайтысында Тобықтының старшыны Майбасарды орнынан түсіріп, соның орнына өзі сайланып қайтып келе жатыр. Қонақтар төрт тараптың бәрінен қырық-елуден, жиырма-отыздан, лек-лек болып, аттарын жай-жай бастырып , жылжып келе жатыр.Жайластырып, тегіс жатқызып болып, Тұңліктерін жапқызып, Абайларын ас ошағына қарай қайтқанда, жаздың қысқы таңы сарғайып атып келеді екен. Шырқап келеді. Жолдасы күйін ұққандай боп, жымыып қана күліп, сүйсіне қарап келеді екен. Ол мінезі күйеуіне сай болып, осы кезде бұл үй тез байып келе жатыр. Анадайдан құлақ салып, Абайдың ашулы үнін естіп келе жатыр. Алатын ақысы құр ғана “ішіп –жем” болғандықтан, талай жандар атадан бала, баладан немереге шейін үнемі кісі босағасын тоздырумен өтіп келеді. Ол қандай тон киіп, қалайша тіл қатып келеді. Балағаз сойыл сүйретіп келеді. Бірақ, әрқашан: “Ұшқан шыбын, жорғалаған қоңыз жоқ” деп қайтып келеді. Қазір Ербол мініп келген семіз көк атқа кәжаба шана жегіп, екі жігіт қатар отырып, сор желдіріп келеді. Енді , бірақ сондағыдай үміт, бақыт тілегін қаладан іздеп, соны аңсап келеді. Бір кезде нанғыш, таза бала жүрегі, барлық рахат, бақыт осы қырда, ауылда деп алас ұрған болса, қазір Абай қайта жортып келеді. Бұл күнде денесі ауырлап, жүріс қозғалысы үлкен қиындыққа айналған Ұлжан есіктен кеп көрінгенде, оның екі жағынан екі әйел қолтықтап, сүйеп келеді екен. Мынау салқын лебі айықпай ескен күншуақты көктем күніне Абай жүрегі өзгеше бір еміреніп келеді. өлең әнге оралып,

еркеленіп келеді. Мынау көктем күні Тоғжанды тағы да аса бір сағындырып, қатты көксетіп келе жатыр. Мұңға толған жас жігіт айтып келеді. Осыдан кейін бұл күйме, алғаш қоладан шыққандағы қалпына қайтып, әңгімесіз ктіп бара жатты. Абай басын қатты тартып тежеп отырмаса, өршелене түсіп, шаба жөнелгісі кеп, оттай жанып келеді. Ербол күреңді көптен бағып келе жатыр еді. Абай да күреңді аса бір сенімді, берік дос танып, сүйсініп келе жатыр еді. Абайлар қатты жүрісті ауыл іргесіне таңай бере бәсеңдетіп, енді түсер үйді болжасып келе жатыр. Алдарына әлдеқашан үріп шыққан көп иттер ауыл үстін беймаза қып, тау жаңғырта шабаланып келеді. Бірақ Абай дегбірі қашып, ес тоқтатпаған жас баладай боп, алас ұрып, ұмтылып барады. Жасы жетпіске кеп қалса да дәл сол жұрттың мақтауы қанат бітіріп, өз басымен күн көріп, қолтықтап келе жатыр ғой. Туғанымнан бері бүгін міне өлмелі күніме шейін Ырғызбай мен Жігітек жуандары елмен елді қоспай, арасын ашып келеді. Дәрмен Әбіш ойының оқыс сыны мен байлауына таңданып келеді. Үш крестьян Өдекке еріп Базаралыныңкіне кеткенде, жаңағы Дарья бастаған әйелдер және де өзге абалардан ыдыстарын алып келген жас балалары бар аналар, әжелер осы ауырлдың бар үйлерін жағалап келеді. Кейде от басында құр бидай қуырып отырған шешелерді, жас қыздарды көріп тамағын қарасаңшы, жалғыз бидай,- деп, бас шайқап келеді. Дарья да бағанадан бас изеп, ойланып келе жатыр еді. Сол жеміт айдаһардың жарқыраған жалыз көзіндей боп күрең айырдың мол қасқасы, айқындап жарқырап келеді. Орыстар аздан соң “Ура, ура!”, “Ура, ура!” деп, үлкен соғыстағы сүрендерін салып, білек құрыштарын енді жазып келеді.

-Былтырдан бері, Пертербордағы докторлардың айтуы бойынша, менің өкпеме наукас ілініп келеді. Тек төртінші күні ғана бұл жолаушылар тобы Қарамола тұсына жетіп, Шор өзенінің бойын құлдап келе жатты. Он тоғызында тоқсандағы қарттың даналығына жеткен, өзінен мүшел үлкен жұрт аға тұтатын, атасы-атаңның алдына шықпаған, тұқым-тұяғымен қазақтың қызыл күрең туына берік тұғыр болып келе жатқан бауырың –Жалым сұлтан ұлы Тұрсын- Мұхамед сұлтан бар...

-Сұлтан, шаңыраққа қарашы, біз кейін қарай көшіп бара жатқан сияқтымыз,-деді кенет Ай-шешек. – Кейін көшіп бара жатқан – бұлт, -деді, -деді Ораз – Мұхамед шаңыраққа қарамастан. –Тентек болып барады. Жүктерін еркін тартып, бірінің көлеңкесін бірі баса. Шөбі жұтаң, егіз тілді көне соқпақ сорабымен баяу ырғытыла аяндап барады. Жұрт та дігірлетіп барады. Бауырым езіліп, бел омыртқам үзіліп бара жатты. Әп-сәтте –ақ торпаңдарды басып озып, кер даланы бетке алып, жүйткі сілтеп бара жатады. Бес бала тапқан әйелдің бітісіндей, дөңгеленіп, жалынып бара жатыр екне. Бірақ қан төгістен тыс, бейбіт тіршілік әукніне беріліп бара жатты. Әлде қорықты ма, әлде сұлтаға бас ұрғаны ма, иегі шошайып, көзі шарасынан шығып кеткен керуен басы да, буыны босап, тізесі бүгіліп бара жатты. Төмен қарап, кісендерін салдырата, сүйретіле басып келеді. Басын изеп тастап, анда-санда сулығын тарта пысқырып, аршынды аяңға түскен Азбан-Сұр да арқасы жаңа кеңігендей, көк толқынды жапыра жүзіп келеді. Әрі ілгері озып барады. Іркес – тіркес тізілген топ аққу төбеден асып барады екен. Бұрылып қарап еді, сүйретадегі артқы неше де жапырылып барады екен. Дігірлетіп барады. Шұбатылған ұзын жеңіл жиырып, білегіне жинап алып, қып-қызыл қолын сілтей сөйлеп, домаланып келеді. Орыс бектерінің де атақ-дәрежеге, орынға таласатынын, бақ-бәсеке жолында оң қадамының өзін теріс танытып, ретін тауып бірінің көзін бірі жойып та жататынын естіді, андады, байқап келеді.

Тілдерді морфологиялық тұрғыдан топтастыру нәтижесінде налитикалық тілдер танылды. Құрылысы жағынан аналитикалық тілдердің таныла басауы зерттеушілерді морфологияның аналитикалық ерекшеліктерін зерттеуге әкелді. Осымен байланысты тіл білмінде сөздің аналитикалық формасы туралы теория пайда болды [6].

Проффесор А.А.Юлдашев түркі тілдеріндегі етістіктің аналитикалық формаларын зерттеп, бұл тілдерде аналитикалық форманың барын дәлелдеді. Ол түркі тілдеріндегі аналитикалық формалардың өзіндік белгілерін, олардың категорияларға қатысын көрсетіп, 50-ден аса аналитикалық формаларды талдайды [7].

Қорытынды

Етістіктің аналитикалық форманты жетекші етістікке қосылып айтылатын қосымшалар мен көмекші етістіктен құралған, етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясына қатысты мағынаны білдіретін морфологиялық көрсеткіштерді айтамыз. Аналитикалық форманттар, негізінде, жетекші сөзге қосылған бір қосымша мен бір көмекші етістіктен құралады. Қазақ тілі етістіктің аналитикалық формантына өте бай. Етістікте жетпістен аса налитикалық формант бар. Анлитикалық форманттар тілімізде өте жиі қолданады. Сондықтан олар сан жағынан өте көп.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. - 581 б.
2. Маманов И.Е. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы: Мектеп, 1966. – 155б.
3. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: [б.и.], 1998. - 304 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі, Алматы: Мектеп, 1974. – 408б.
5. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. Алматы: Ғылым, 1975. – 230 б.
6. Масалиева Ж.А. Қазақ тіліндегі толымсыз көмеші етістік. Шымкент: Әлем, 2005. – 200б.
7. Юлдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюрских языках. М.: Наука, 1965. С. 274.

Аннотация

Учение об аналитической форме слова - новая отрасль лингвистики. Он возник в связи с морфологической группировкой языков по всему миру, а начало морфологической группировки языков измеряется более полутора веков. В результате морфологической группировки языков были признаны аналитические языки. С точки зрения построения, признание аналитических языков привело исследователей к изучению аналитических особенностей морфологии. В связи с этим в лингвистике появилась теория об аналитической форме слова. Поскольку индоевропейские языки признаны аналитическими языками, аналитическая форма слова также была впервые изучена на этих языках, в результате чего эти языки были заложены в основу теории аналитической формы слова. Но даже в этих языках нельзя сказать, что теория аналитической формы слова вполне сформирована. У них тоже незрелые, спорных вопросов пока хватает. До недавнего времени в лингвистике считалось, что аналитическая форма слова связана только с аналитическими языками, то есть с индоевропейскими языками.

Abstract

The doctrine of the analytical form of the word is a new branch of linguistics. It arose in connection with the morphological grouping of languages around the world, and the beginning of the morphological grouping of languages has been measured for more than a century and a half. As a result of the morphological grouping of languages, analytical languages were recognized. From the point of view of construction, the recognition of analytical languages has led researchers to study the analytical features of morphology. In this regard, a theory about the analytical form of a word has appeared in linguistics. Since the Indo-European languages are recognized as analytical languages, the analytical form of the word was also studied for the first time in these languages, as a result of which these languages were laid the basis for the theory of the analytical form of the word. But even in these languages, it cannot be said that the theory of the analytical form of the word is fully formed. They are also immature, there are still enough controversial issues. Until recently, it was believed in linguistics that the analytical form of a word is associated only with analytical languages, that is, with Indo-European languages.

ӘОЖ 811.512.1

Г.Ж. Утегенова*, **С. Талебаев**, **А. Карнебаев**
ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
студент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
студент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
*Корреспондент авторы: gulzi_2615@mail.ru

ҚОЗҒАЛЫСТЫ БІЛДІРЕТІН ЕТІСТІКТЕР

Түйін

Етістіктің өзіндік ерекшеліктері мол: семантикалық сипаты сан алуан, грамматикалық қасиеті әр жақты, түрлену жүйесі мен грамматикалық категориялары әр қилы, синтаксистік қызметі мен тіркесу, басқа сөздермен байланысу қабілеті кең, құрамы мен құрылымы қат-қабат. Етістіксіз сөйлем құрап айту мүмкін емес. Соның ішінде, қазақ тілінде етістіктің лексика-семантикалық сипаты ерекше. Алдымен ол етістіктердің ішкі семантикасына байланысты болса, екінші жағынан бай морфологиясы арқасында сөйлеу кезінде өте жиі қолданылатындығына да байланысты. Лексика-семантикалық топ деп екі немесе бірнеше сөздің лексикалық мағынасына қарай топтастырылуын айтамыз. Лексика-семантикалық топтың көлемін, оған енетін сөздердің санын парадигмалық мағына мен парадигмалық қатынас арқылы анықтаймыз. Тіл біліміндегі сема мәселесі тек соңғы жылдары ғана қолға алынуда. Оның өзіндік ерекшеліктері мол: семантикалық сипаты сан алуан, грамматикалық қасиеті әр жақты, түрлену жүйесі мен грамматикалық категориялары әр қилы, синтаксистік қызметі мен тіркесу, басқа сөздермен байланысу қабілеті кең, құрамы мен құрылымы қат-қабат. Етістіктер грамматикалық қасиеті жағынан ыңғайлас, сәйкес болғанымен, семантикалық сипаты сан-алуан.

Кілттік сөздер: Тіл білімі, түркітану, лексика, семантика, етістік.

Кіріспе

Сөз мағынасын сөздің сөйлемдегі орны арқылы анықтау қазіргі структурализм өкілдерінің арасында кең тараған. Тілдің системалы құбылыс екендігін көпшілік ғалымдар мойындайды. Біздің түсінігімізше, система мағына жасамайды, керісінше сөздің мағыналық қарым-қатынасын сырын толық түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, етістіктерді қозғалу етістіктер, амал-әрекет етістіктері, қарым - қатынас етістіктері сияқты лексика-семантикалық топтарға бөлгенде, олардың лексикалық мағынасын негіз етіп алады. Сөздің лексикалық мағынасы зат, құбылыс, іс-әрекеттің санада бейнеленіп тұрақталған ұғымның мазмұнын қамтиды [1].

Қозғалу етістіктері дегенде қозғалысқа түскен заттардың бір орыннан екінші бір орынға өтуімен байланысты мағынаны білдіруіне негізделсе, қалып етістіктері, заттың қалпымен, кеңістіктегі орнымен байланысты болған мағынасына негізделеді. **Кел, кет, бар, жүгір, ұш, еңбекте, жорғала** деген сөздерде қозғалу, орын ауыстыру бар. Бірақ бұл етістіктердің біреуі жоқ болса, системада ыдырайды деген ұғым тұмауы керек, олардың әрқайсысының мағыналық дербестігі бар. Сол мағынасына қарай белгілі бір лексика-семантикалық топтың құрамынан орын алады.

Кіші тематикалық топтардың да, лексика-семантикалық топтардың мүшелері арасында ортақ семалары болады да, мағыналық сыбайластыққа негізделеді. Мысалы, туысқандық атаулары мен қозғалу етістіктерінің құрамындағы сөздердің мағыналарын салыстырып көрелік. Туысқандық атауларына мына сөздер енеді: **ата, ана, бала, әже...** т.б. Бұл сөздердің барлығы да өзара бірдей семантикалық байланысқа ие, оларды байланыстырып тұрған семалары тең деп айта алмаймыз, бірақ олардың барлығына ортақ бір мағыналық элемент – сема бар, ол туысқандық атауы болуымен байланысты. Бұл сөздерді ары қарай мағына сыбайластығына қарай бөле беруге болады [2]. Мысалы, қандық туысқандық және некемен байланысты туысқандық. Қозғалыс етістіктерінің құрамына енетін сөздер өзара бір

немесе екі семалары арқылы байланысып жатады. *Бар, кел, кет, өт, секір, жылжы, атта, шап, жорғала, сырғы, сырғана, ауна, жет* т.б. етістіктердің барлығының мағына құрамында қозғалған заттың орнын өзгерткендігін білдіретін семалар арқылы байланысып жатады. Осы мағыналық элементіне қарай біз оларды қозғалу етістігі деп атаймыз. Бұл топтағы сөздерді де екінші бір мағыналық элементтің байланысына қарай белгілі бір бағытты білдіретін қозғалыс етістігі, бағытсыз қозғалысты білдіретін етістіктер, қозғалыстың темпіне (тездігіне) байланысты мағына білдіретін қозғалыс етістігі, баяу қозғалысты білдіретін қозғалыс етістігі, сияқты бірнеше кіші семантикалық топтарға бөлуге болады. Сонымен бірге етістіктердің синонимдік, антонимдік қатарлары да осы лексика-семантикалық топтың аясында болатындығыны естен шығармау керек [3]. Мысалы, *кір-шық, шық-түс, кел-кет, алыста-жақында, алыстау-ұзақтау, жырақтау-қашықтау, жақындау-айналыстау-төңіректету* т.б.

Сөздерді анализ әдісімен талдап қарайтын болсақ, онда сөз мағыналарын бір немесе бірнеше семаларға бөлуге болатындығына көз жеткізуге болады [4]. Мысалы, *жүр* етістігін алып көрелік. Бұл етістіктің лексикалық мағына құрамында, біздіңше мынадай, мынадай семалар бар: 1) қозғалу қимылы бар, 2) қозғалған заттың бір орыннан екінші орынға өткенін білдіреді, 3) қозғалу жерде болады, 4) бағытсыз қозғалысты білдіреді, 5) қозғалыстың темпі баяу (жүгіруге қарама-қарсы) болған дығын, 6) процестің созылыңқылығын т.б. болады. Ал, *түс* етістігінде болса, 1) қозғалыс қимылы бар, 2) қозғалған заттың бір орыннан екінші орынға өткенін білдіреді, 3) қозғалыстың жоғарыдан төмен қарай болғандығын білдіреді, 4) қозғалыстың темпісіне нейтраль болады, 5) қозғалған заттың белгілі бір жерге, территорияға бағытталғандығын білдіреді т.б. [5]. Осы мысалдардан кез-келген сөздің мағынасын майда семаларға бөлуге болады деген қорытынды шығаруға болады. Бірақ сөздер тіркесте келіп белгілі бір мақсатта қолданылуымен байланысты, сөз мағынасымен байланысты болған семалардың барлығы бірдей сөздердің сол тіркестегі мағына компоненттеріне енбеуі де мүмкін. Салыстырыңыз: *Сол әскер суды өрлеп талай жүрді, Судың басы бір құзар шатқа кірді (Абай). Сонан соң арқаныңды тасқа байла, Түсетұғын ыңғайлы жерді сайла (Абай) деген мысалымызда қолданылған жүр, түс сөздері жоғарыдағы көрсеткен семаларды толық қамтуға әрекет еткен. Ал, Беталды жанға бой салма, Қорлық жүрмес сақтыққа (Абай).* Өзге қаражұрт жақсы жолдай жүре береді екен (Абай) мысалдарымызда *жүр* етістігінде жоғарыдағы мысалдарда қолданылған семалардың барлығы бірдей қатысып тұрған жоқ. Қорлық жүрмес тіркесіндегі *жүр* сөзі көндіру, айтқанын істету мағынасына мәнде қолданылып тұрады. Сондай-ақ қазақ тілінде *билік жүргізу, әмір жүргізу* сөзі жүру сияқты тіркестер де қолданылады, бәрінде жоғарыдағы *көндіру, мойындату* семасы бар. Екінші мысалымызда *жүр* етістігі *өмір сүру, жасау* мағынасында қолданылып тұр. Бұл жерде ол *жүр* етістігінің қозғалу және созылыңқылықты білдіретін семасына негізделіп тұр. *Түс* етістігі де, қазақ тіліндегі көп мағыналы етістіктердің бірі олардың да әр мағынасында *түс* сөзінің мағынасын құрайтын семалардың біреуі жетекші орынға шығып, мағынаны белгілесе, кейде бір мағынасына негізделіп басқа бір бейнелілік не ауыспалы мағына жасалынады. Салыстырыңыз: *Алматыдан келген қонақ үйге түсті* дейтін болсақ, *қонақтың үйге келгенде, аспаннан түспейтіндігі анық.* Қазіргі қазақ тілі деңгейінде қарайтын болсақ, жоғарыдан жерге түсті деген тіркестегі *түс* сөзінің мағынасы мен қонақ үйге түсті дегеннің арасында мағыналық байланыс жоқтай көрінеді, шындығында ондай байланыс бар. Ол 1) *Территориялық*, 2) *Тарихи мағынасы жағынан* байланысып жатыр. Себебі ұзақтан келген қонақтың көлікпен келетіндігі анық, ал, қазақ тілінде аттан түсу, машинадан түсу сияқты тіркестің қолданылатындығы анық. Сонымен бірге *аттан, көліктен түскен* адамның біраз

болса да, аялдайтындығы, тоқтайтындығы да белгілі. Соңғы мағынадан **қону, түнеу** мағынасы да өрбіген. Ал, **баласы оқуға түсті** дегенде, **түс** етістігі белгілі бір территорияға **ену, кіру** мағынасымен байланысты жаңа мағынада қолданылып тұр. Осы соңғы мағынамен **ой түсу, есіне түсу** сияқты тіркестегі мағыналар байланысып жатады.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөзгінде» (I-IV) **жердегі қозғалысты білдіретін етістіктердің** жалпы саны 27, ол 156 мысал көмегімен дәлелденеді. Оның: I томында 9 – сөз, 48 – сөйлем; II томында 2 – сөз, 22 – сөйлем; III томында 10 – сөз, 56 – сөйлем; IV томында 6 – сөз, 30 – сөйлем берілген. Мұндағы әрбір сөз қозғалыстың жерде болғандығын білдіреді. Басқа сөздермен қарым-қатынасқа түскенде, яғни, сөйлем ішінде өзінің бастапқы мағынасына қосымша мағына үстейді. Оны төмендегі мысалдардан көруімізге болады.

Адымда. Лұқпан өкілдің қолындағы қағазды алып, қойнына тығып, ірі **адымдап** үйден шықты (Б.Майлин).

Ақса. Оқ тиген теке шаңырақтай мүйізімен басын жерге тұқыртып, бір домаланып барып қайта тұрды да, **ақсай** басып жөнеле берді (Ғ.Сыланов).

Алшай. Алдыңғы топ бұл кезде жарты шақырымдай өрлеп, екі ара **алшай** бастады (Х.Есенжанов).

Белгілі бір бағытқа қаратылған қозғалысты білдіретін етістіктер.

Адымда. Аяғын **адымдай** басып Нұрым да көлеңкедегі байлаулы тұрған кер атқа жетіп барды («Лен. Жас»).

Айнал. Қайық ар жаққа жүруге **айналды** (М.Әуезов). Солдаттар Ғайниді қапсыра құшақтап алып, Танабайдың үйіне кіргізуге **айналды** (С.Сейфуллин).

Атта. Аттарын беріп қорадағыларға, қарамай даңғазға, дабыраға. Аңғардың арығынан **аттап** өтіп, жүгіріп жөнелді Омар Хадраға (Қ.Тоғұзақов).

Аянда. Қожанасыр жалғыз аяқ жолмен **аяндай** отырып «Комсомол» колхозына келді (С.Адамбеков).

Бауырла. Жағалап жан **бауырлай** Бестөбені ызғындай қызыл жасыл көш келеді (Н.Ахметбеков).

Жүр. Ол ертеңіне Қызылордаға, оннан да алыс Алматыға **жүріп** кетті (Х.Есенжанов). Ержұмат әскерге **жүргелі** жатыр (С.Бегалин).

Бағытсыз қозғалысты білдіретін етістіктер.

Адымда. Демалыс күн дайындап, жазып, жаттап сабағын. Көшеге шыққан **адымдап** Балаға көз саламын (Т.Жароков).

Ақсаңда. Үстімде сұр шинелім, **ақсаңдай** басып келемін. Қанды қырғын, қызыл от Қаптап жүр ажал дегенін (Қ.Аманжолов).

Атта. Біз ілгері **аттаған** сайын жел желіге түсіп, көкіректен кейін қарай итереді (С.Мұқанов). Асыға бердім мен бірақ, адамыдай **аттап** ілгері. Жарымның көзі жаудырап, Тұрғандай күтіп бір мені (Т.Молдағалиев).

Аянда. Шәңгерей, Кәрібай, Шығанақ үшеуі Жанботаны ертіп, дөң басына қарай **аяндады** (Ғ.Мұстафин). Раушан еш алаңсыз ақырын **аяндап** келеді (Т.Ахтанов).

Бауырла. Таң қалықтамай бұл айрықтан кетесің. Тауды меркеде атырасың. Оң жағында бір ала тау тағы шөгіп жатады. Бұл қырғыздың атақты – Алатауы. Осы тауды **бауырлап** тағы шүү – шүүге саласың (І.Жансүгіров). Оң жақтағы орман шетінен тағы бір қара жол дөңді **бауырлай** барып биікке қарай жосылып жатыр (Б.Момышұлы).

Домала. Тұқымы піскенде қаңбақ түбінен желмен тұқымдарын жер бетіне «өзі сепкен» сияқты **домалай** жөнеледі (Ботаника). Өлім - құрдың, өмір өзен, жоғалат, өсер өзен тұрмыс жасын сорғалап. Тағдыр желі еркіне қоймай айдаса, Сорлы қу бас қайда кетпек **домалап** (Үш ғасыр).

Жиекте. Бұл жерден өткел таба алмайтындықтарына көздері жеткен барлаушылар тез кейін шегініп, жағаға шықты да, енді батпақты **жиектей** жүрді (Ә.Шәріпов).

Жоғарыда айтылған мысалдардың барлығын жинақтайтын болсақ, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» I-X томында 104 сөз, 551 - сөйлем берілген [6].

Осы ерекшеліктеріне орай, М.Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегінде қазақ тіліндегі етістіктерді жалпылаушы семаларына қарай он екі топқа топтастырған: амал-әрекет, жасау, өндіру, қозғалу қарым-қатынас, сезіну, ойлау, сөйлеу, дыбыс-сес, қалып-сапа, өсіп-өну, табиғи құбылыстарға байланысты етістіктер [7].

Қорытынды

Етістіктерді лексика-семантикалық топтарға топтастырғанда Қ.Жұбанов, И.Маманов, А.Ысқақов, А.Хасенова қимыл-әрекеттік мән беретін сөздердің лексика-семантикалық топтарын айқындағаны жөнінде зерттеулері бар. Лексикалық семантикалық топ екі немесе бірнеше сөздің лексикалық мағынасына қарай топтастырылады. Зерттеу жұмысында сөз еткендей, әр ғалым өз еңбегінде етістіктерді лексика-семантикалық жағынан өзінше талдап, саралап түсіндірген. Тек етістіктерді ғана емес, сонымен қатар, есім сөз таптарын да лексика-семантикалық топтарға топтастырған. Мұндай топтастыру зат есім, сын есім, сан есімдерде кездеседі. Ал етістік мұндай мағыналық топтарға өте бай. Олар іштей 12 - топқа бөлінген. Біздің диплом жұмысымыздың зерттеу нысаны қимыл-қозғалу етістіктері болғандықтан, мысал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» IV томы бойынша жинақталды.

Қозғалу мәнді білдіретін етістіктердің жалпылаушы семасы қозғалысқа түскен заттардың не адамның бір орыннан екінші бір орынға өткендігін, орын ауыстырғандығын білдіреді: *жүр, кел, кет, бар, адымда, арала, ауна, домала, бауырла, әуеле т.б.*

Әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. - 581 б.
2. Маманов И.Е. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы: Мектеп, 1966. – 155б.
